

**«Тігін өндірісінің технологиясы» пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау

3. Мазмұны: 07230100 «Тігін өндіріс және киімдерді үлгілеу» мамандығы, 3W07230101 - Тігінші, 3W07230102 - Арнайы тігінші, 3W07230103 - Кестелеуші, 3W07230104 - Киім конструкторы, 3W07230105 - Модельер-пішүші, 4S07230106 - Модельер-конструктор, 4S07230107 - Техник-технолог, біліктіліктеріне арналған «Тігін өндірісінің технологиясы» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Киімдердің жіктелуі	01	Киімдердің түрлері және топ бойынша жіктелуі.
		02	Киімдерге қойылатын талаптар.
		03	Өнімнің негізгі ерекшеліктерінің сыртқы түрінің сипаттамасы..
		04	Өндірісті ұйымдастыру бойынша негізгі мағлұматтар
02	Сырт киімнің пішім бөліктері	05	Сырт киім пішімі бөліктерінің атауы,оның құрылымы, қима бөлшектері бойынша негізгі жіптің бағыты, киім бөліктерінің кесілген атауы
03	Киім дайындаудағы жұмыс түрлері	06	Қол, машина жұмыстарының терминологиясы.
		07	ЫЖӨ терминологиясы.
04	Киім бөліктерін қосу тәсілдері	08	Киім бөлшектерін біріктіру әдістері, сапа көрсеткіштері
		09	Тігістердің және қол тігістерінің жіктелуі
05	Машина тігістерінің жіктелуі	10	Машина тігістерінің түрлері,олардың құрылымы мен қолдануы.
		11	Тігістерді орындаудағы техникалық жағдайлар.
		12	Машина тігістерін орындауда қолданылатын жабдықтар мен кішігірім механизация құралдары.
06	Кесілген киім бөлшектерін дайын өнімді тігу үшін жұмыстарды дайындау	13	Кесілген дайын өнімді тігу жұмыстары бойынша дайындау: сапасын тексеру, бор жолақтарын жүргізу ережесі. Астар бөліктері.
		14	Киім бөліктерін желімдеу, техникалық талаптар,жабдықтар.
07	Әрлеу бөлшектерін өңдеу	15	Ұстағыштарды, паталарды, хлястиктерді, клапандарды, парақшаларды, белдіктерді және басқа да бөлшектерді әртүрлі тәсілдермен өңдеу
08	Киімнің алдыңғы бөліктері мен артқы бөліктерін бастапқы өңдеу	16	Рельеф пен бүкпелерді қолданылуы мен өңделуі. Кескін мен қатпарды өңдеу.
		17	Кокетканы өңдеу және оларды бөліктермен қосу.
		18	Ортаңғы тігісте немесе рельефтердің тігістерінде шлицалы артқы бойды өңдеу.
		19	Әр түрлі тәсілдермен бөліктердің кескінін өңдеу.
09	Тілінген қалтаны өңдеуді	20	Тілінген қалталар, олардың сан алуандылығы. Қалта бөліктері.
		21	Әр түрлі құрылымды тілінген қалталарды өңдеу

			тәсілдері:клапанмен,рамалы, жапрақшалы, сыдырмалы-таспалы ілгекті, тігісте орналасқан.
10.	Жапсырмалы қалтаны өңдеу	22	Әр түрлі құрылымды жапсырмалы қалталарды өңдеу тәсілдері.
		23	Жапсырмалы қалталарды алдыңғы жағына қосу тәсілдері.
11.	Өңірлерді өңдеу	24	Әр түрлі ілгекті бұйымдардың өңір астын өңдеу. Өңір астын алдыңғы жағымен қосу. Өңір шеттерін бекіту тәсілдері, олардың тиімділігі.
12.	Жағаларды өңдеу және оларды бұйымдармен біріктіру	25	Жағалардың құрылымы бойынша әр түрлігі және өңдеу тәсілдері.
		26	Сырт киім жағасының ішкі жағын өңдеу тәсілдері.
		27	Жоғары жағаның төменгі жағамен қосу тәсілдері.
		28	Бұйымның мойын жағына жағаны қосу тәсілдері.
13.	Жеңдерді өңдеу және оларды бұйымдармен біріктіру	29	Құрылымы бойынша жеңдер түрлері.
		30	Екі тігісті жеңді өңдеу.
		31	Ашық, салмалы және жапсырмалы шлицалы жеңдердің төменгі бөлігін өңдеу.
		32	Манжеттің сан алуандығы матадан жапсырмалы жасалған манжетті жеңнің астынғы жағын өңдеу әдісі
		33	Қолтық ойындысына жеңді біріктіру. Бақылау кертпелерін орналастыру
14.	Жылулық астарын және астарды өңдеу және бұйыммен қосу	34	Астары бұйым етегінен айырылып тұратын бұйымдарда астарды өңдеу және қосу әдістері
		35	Астары бұйым етегіне қосып тігілген бұйымдарда астарды өңдеу және қосу әдістері
15.	Шалбар мен белдемшелерді өңдеу және жинау ерекшеліктері	36	Шалбар өңдеу және жинау ерекшеліктері
		37	Белдемшелерді өңдеу және жинау ерекшеліктері
16.	Жилетті өңдеу және жинау ерекшеліктері	38	Жилетті өңдеу және жинау ерекшеліктері
17.	Бұйымдардың соңғы әрлеуі	39	Түймелікті торлау, түймені қадау, бұйымды тазалау, соңғы ЫЖӨ, таңбалау және буып-түю.
		40	Бұйымдардың соңғы әрлеу кезінде қолданылатын құрал-жабдықтары және кіші механизация құралдары.
18.	Лекал түрлері:	41	Жеке және жаппай киім өндірудегі лекал түрлері.
		42	Лекал дайындаудың техникалық жағдайлары.
19.	Орналастыру түрлері	43	Орналастырудың техникалық жағдайын жасау.
		44	Экспериментті орналастырудың орындалу тәртібі.
		45	Үнемділік орналастыруды анықтау. Үнемділік орналастыруға әсер ететін факторлар.

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Киімдердің жіктелуі: Топ және түрлері бойынша киімдердің жіктелуі. Киімдерге қойылатын талаптар. Сырт киім бұйымдарының түрлері. Өнімнің негізгі ерекшеліктерінің сыртқы түрінің сипаттамасы.

Сырт киім пішу бөліктері: Сырт киім пішімі бөліктерінің атауы,оның құрылымы. Қима бөлшектері бойынша негізгі жіптің бағыты. Киім бөліктерінің пішім атауы.

Киім дайындаудағы жұмыс түрлері: Қол жұмыстарының терминологиясы. Машина жұмыстарының терминологиясы. ЫЖӨ терминологиясы .

Киім бөліктерін қосу тәсілдері: жіпті, желімді, дәнекерлеу, жапсырмалы, құрамалы, олардың маңыздылығы, сапа көрсеткіштері. Қабып тігу, тармақ, тігістер. Тармақ тігісі, қол тігістерінің жіктелуі. Қол тігіс мен қабып тігу түрлері.

Машина тігістерінің жіктелуі: Машина тігістерінің түрлері, олардың құрылымы мен қолдануы. Машина тігісі мен тігістеріне қойылатын талаптар. Тігістерді орындаудағы техникалық жағдайлар. Жіпті тігістердің параметрлері. Машина тігістерін орындауда қолданылатын жабдықтар мен кішігірім механизация құралдары.

Кесілген дайын өнімді тігу жұмыстары бойынша дайындау : Қимаға қойылатын талаптар. Кесілген дайын өнімді тігу жұмыстары бойынша дайындау: сапасын тексеру, бор жолақтарын жүргізу ережесі. Астар бөліктері. Киім бөліктерін қайталау: техникалық талаптар, жабдықтар. Бұйымды күту бойынша символдар.

Әрлеу бөлшектерін өңдеу: Ұстағыштарды, паталарды, хлястиктерді, клапандарды, парақшаларды, белдіктерді және басқа да бөлшектерді әртүрлі тәсілдермен өңдеу

Киімнің алдыңғы және артқы бой бөлшектерін бастапқы өңдеу. Рельеф пен кескіндерді қолдануы мен өңдеу. Кескін мен қатпарды өңдеу. Кокетканы өңдеу және оларды бөліктермен қосу. Ортаңғы тігісте немесе рельефтердің тігістерінде шлицалы артқы бойды өңдеу. Әр түрлі тәсілдермен бөліктердің кескінін өңдеу. Қолданылатын жабдық.

Тілінген қалтаны өңдеуді : Тілінген қалталар, олардың сан алуандылығы. Қалта бөліктері. Әр түрлі құрылымды тілінген қалталарды өңдеу тәсілдері: клапанмен, рамалы, жапрақшалы, сыдырмалы-таспалы ілгекті, тігісте орналасқан.

Жапсырмалы қалтаны өңдеу: Әр түрлі құрылымды жапсырмалы қалталарды өңдеу тәсілдері. Жапсырмалы қалталарды алдыңғы жағына қосу тәсілдері.

Өңірді өңдеу: Алдыңғы жағын өңір астарымен қосу тәсілдері. Әр түрлі ілгекті бұйымдардың өңірасты бөлшегін өңдеу. Өңірді алдыңғы жағымен қосу. Өңір шеттерін бекіту тәсілдері, олардың тиімділігі. Тұтас пішілген өңірлі бұйымдар мен ішкі ілгекті өңір өнімдерін өңдеу ерекшеліктері.

Жағаларды өңдеу және оларды бұйымдармен біріктіру : Жағалардың құрылымы бойынша әр түрлігі және өңдеу тәсілдері. Сырт киім жағасының ішкі жағын өңдеу тәсілдері. Жоғары жағаның төменгі жағамен қосу тәсілдері. Бұйымның мойын жағына жағаны қосу тәсілдері. Өңір асты тұтас пішілген жағаны өңдеу.

Жендерді өңдеу және оларды бұйымдармен біріктіру : Құрылымы бойынша жең түрлері. Екі тігісті жеңді өңдеу. Ашық, салмалы және жапсырмалы шлицалы жеңдердің төменгі бөлігін өңдеу. Манжеттің сан алуандығы. Матадан жапсырмалы жасалған манжетті жеңнің астыңғы жағын өңдеу әдісі. Жең астарын өңдеу. Астарды жеңмен біріктіру. Бекіткіш жеңдерді қолтыққа қосу. Бақылау кертпелерін орналастыру.

Жылулық астарын және астарды өңдеу және бұйыммен қосу: Жылулық астардың түрлері. Бұйым сыртын жылулық астармен және астармен қосар алдындағы ЫЖӨ. Астары бұйым етегіне қосып тігілген бұйымдарда астарды өңдеу және қосу әдістері. Жылулық астары түймеленетін бұйымдарды өңдеу ерекшеліктері. Астарлы бұйым етегінен айырылып тұратын бұйымдарда астарды өңдеу және оларды бұйыммен қосу кезіндегі құрал-жабдықтары және кіші механизация құралдары.

Шалбар мен белдемшелерді өңдеу және жинау ерекшеліктері Шалбардың пішім бөліктері. Шалбар бөліктерінің алғашқы өңделуі. Шалбар бөліктерін алғашқы өңделу кезіндегі құрал-жабдықтары және кіші механизация құралдары. Шалбардың жан, қадам және ортаңғы қиықтарын қосу. Шалбардың түймелігін өңдеу. Шалбардың жоғарғы қиығын және балағын өңдеу әдістері. Белдемшені өңдеу ерекшеліктері. Белдемше түймелігін өңдеу ерекшеліктері. Белдемшенің жоғарғы қиығын өңдеу ерекшеліктері. Астарлы белдемшедегі шлицаны өңдеу

Жилетті өңдеу және жинау ерекшеліктері Бұйымның сыртқы түрін сипаттау. Пішім бөліктері. Жилеттің алдыңғы және артқы бойларын өңдеу түрлері. Жапрақшалы қалтаны өңдеу. Алдыңғы бойдың өңір іштігін және өңір астын өңдеу. Алдыңғы бойдың астарын өңдеу. Жилеттің өңірімен етегін өңдеу. Алдыңғы бойды астармен қосу. Артқы бойды өңдеу және алдыңғы боймен біріктіру.

Бұйымдардың соңғы әрлеуі: Түймелікті торлау, түймені қадау, бұйымды тазалау, соңғы БЖӨ, таңбалау және буып-түю. Бұйымдардың соңғы әрлеу кезінде қолданылатын құрал-жабдықтары және кіші механизация құралдары. Соңғы өңдеу процестерін жетілдіру.

Лекал түрлері: Жеке және жаппай киім өндірудегі лекал түрлері. Лекал дайындаудың техникалық жағдайлары. Лекалды бақылау. Лекалды сақтау жағдайы. Лекал аймағын өлшеу.

Орналастыру түрлері: Орналастыру түрлері. Орналастырудың техникалық жағдайын жасау. Экспериментті орналастырудың орындалу тәртібі. Үнемділік орналастыруды анықтау. Үнемділік орналастыруға әсер ететін факторлар.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Силаева М. А. «Жеке тапсырыс бойынша киім-кешек тігу»: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқулық — М. : «Академия» баспа орталығы, 2003

2. «Тігін бұйымдарының технологиясы»: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқулық / [Э.К.Амирова, А.Т.Труханова, О.В.Сакулина, Б.С.Сакулин].. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016

3. «Эйелд ер және балал ар киімд ерін дайынд ау технологиясы»: Оқу құралы/ Кучарбаева Қ., Амреева Т., Чимекеева Г. - Астана: Фолиант, 2010.

4. Нұржасарова М., Кучарбаева К., Рүстемова А. «КИІМ ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» оқулық. - Астана: Фолиант, 2008

5. «Тігін өндірісінің технологиясы бойынша зертханалық практикум»: Оқу құралы / Ж.Л. Жаниязова, Г.К. Кенжебаева, Г.А. Бимаханова, Г.Е. Жолдасбаева. – Астана: «Холдинг «Кәсіпқор» бейкоммерциялық акционерлік қоғамы, 2018 ж